

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж



«БЕКТЕМІН»
Колледж директоры
Е. Жанділдин
« 01 » қыркүйек 2020 ж.

Педагогикалық және басқарушы кадрлардың кәсіби қайта даярлауы және
біліктілігін жоғарылату туралы
ЕРЕЖЕ

Петропавл қ. – 2020 ж.

Осы Ереже ҚР «Білім туралы» Заңы негізінде КМҚК «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» Жарғысына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Педагог қызметкерлері бес жылда бір рет педагогикалық қызмет профилінде қосымша кәсіби білім алуға құқылы.

1.2. Қосымша кәсіби білім беру бағыты – білім мен кәсіби қажеттіліктерді «қанағаттандыру, әлеуметтік ортадағы кәсіби қызметінің өзгеруіне байланысты адамның кәсіби дамуы.

1.3. Қосымша кәсіби білім беру қосымша кәсіби бағдарламамен іске асырылады (біліктілікті жоғарылату бағдарламасы және кәсіптік қайта даярлау бағдарламасы)

1.4. Біліктілікті жоғарылату бағдарламасының бағыты – кәсіби қызметке қажетті жаңа құзыреттілікті алу мен жетілдіру, біліктілік бойынша кәсіби деңгейін жоғарылату.

2. Біліктілікті жоғарылату формасына сипаттама

2.1. Біліктілікті жоғарылатудың ішкі формалары:

2.1.1. Мамандардың біліктілігін жоғарылату АО «Біліктілікті жоғарылатудың Ұлттық орталығы» СҚО БЖИ «Өрлеу», ААҚ «Назарбаев интеллектуальды мектебінің» педагогикалық шеберлік орталығы, НАО «Холдинг «Кәсіпқор», РИПКСО куәлік немесе сертификат алу.

2.1.2. Қажеттілікке қарай біліктілікті жоғарылатудан өту, бірақ 5 жылда бір рет.

2.1.3. Оқытылу колледж бен біліктілікті жоғарылату ұйымдарының арасындағы келісімшарт негізінде жүргізіледі.

2.1.4. Біліктілікті жоғарылату өткізіледі:

- жұмысқа бөгетсіз;

- жұмыстан аздап алу.

2.1.5. Біліктілікті жоғарылатуда келесі оқу түрлері енеді:

- қысқамерзімді курс (72 сағаттан аз);

- семинардың тақырыптық мәселесі (72-100 сағат)

- ұзақ мерзімді курс (100 сағаттан жоғары)

2.1.6. Кәсіби дайындық тыңдаушылары оқуға колледждің оқу-әдістемелік жұмыс орынбасары, бұйрықпен жібереді және ол оқытушыға міндетті болады.

2.1.7. Тыңдаушының оқу кезеңінде еңбекақысы сақталады. Тыңдаушы оқу аяқталған соң құжат алып, көшірмесін кадр бөліміне тапсырады.

2.1.8. Біліктілікті жоғарылату курсынан өткен оқытушы, алған білімі негізінде ЦӘК мүшелерінің немесе колледждің ішкі семинарларында баяндама жасайды.

2.2. Біліктілікті жоғарылатудың ішкі формалары.

2.2.1. Біліктілікті жоғарылатудың ішкі формасы – колледж базасында әдістемелік қызмет ұйымдастырған үздіксіз білім алу.

2.2.2. Біліктілікті жоғарылату формасы мазмұны, мақсаты, тыңдарман контингентіне қарай әртүрлі.

2.2.3. Мынадай бағытта жұмыс істейтін жас оқытушылар мектебі:

- кәсіби қалыптасу кезеңінде тұрған жас оқытушыларды дайындау, жас оқытушыны бейімдеу, оқу орынының жұмыс спецификасын меңгеру және зерттеу.

- базалық педагогикалық білімі жоқ, арнайы пәндер оқытушыларын даярлау, педагогикалық ғылым негізінде оқытушы қызметі мүмкіндіктерін кеңейту. Сабақ әртүрлі формада өткізіледі: дәіс, семинар, «дөңгелек үстел», дискуссия, ғылыми-тәжірибелік конференция, педагогикалық инновация енгізу семинарлары.

2.2.4. Нақты мамандық спецификасын ескере отырып, педагогикалық инновацияны практикалық қолдануға бағытталған пәндік-циклдік комиссияның тақырыптық отырыстары

2.2.4.1. Колледж оқытушылары арасында тәжірибе алмасу түрі ретінде өзара сабаққа қатысу жүйесі.

2.2.4.2. Өзіндік білім алу - өзіндік кәсіби қасиеттерін жетілдіруге қызығушылық танытатын біліктілікті жоғарылату формасы. Өзіндік білім алу жүйесі колледж ұжымының алдында тұрған негізгі міндеттер, оқу-әдістемелік мақсат көрсетілген оқытушының жеке жоспары негізінде құрылады.

2.2.5. Кәсіби өсудің ішкі форма жүйесіндегі біліктілікті жоғарылату жұмыстан үзбей жүргізіледі.